

Күйік. Үсік. Электржарақат
{

Күйік

- **Күйік (combustio)** термиялық, химиялық, электрлік, сәулелік энергияны әсерінен туындайтын ағзалар мен тіндердің спецификалық зақымдарын айтамыз.
- Күйік деп ыстық сұйықтықтар, қышқыл-сілті, жалынның шарпуы, сәулелі ыстық, қатты ысыған заттар, электр тогы немесе электромагниттік радиацияның әсерімен теріге және одан төмен жатқан адам денесінің ұлпаларына жасалған зиянды әрекетті айтады. Мысалы, өте жоғары температура қысқа уақыт әсер етсе, зақымдалу тереңдігі кішігірім болуы мүмкін. Сонымен бірге, температурасы онша жоғары емес (ыстық су, бу), біраз ұзақ уақыт денемен жанасқан болса, онда тек тері ғана емес, сонымен қатар тереңде жатқан анатомиялық құрылымдарда зақымдалуы мүмкін.

Жіктелуі:

- 1 дәреже - беткей эпидермальді күйік
- 2 дәреже – терінің жоғарғы қабатының күйігі
- 3а дәреже – дермальді күйік. Меншікті терінің зақымдалуы, бірақ барлық қабаттары өзгеріске ұшырамаған, өсу қабаты мен тері қосалқылары сау қалады
- 3в дәреже – күйік терінің барлық қабаттарына тараған, өліеттенген қабыршақ түзіледі. Кейбір жағдайларда тері асты шелмайы да зақымдалуы да мүмкін
- 4 дәреже – терімен қоса, меншікті шандырдан терең орналасқан тіндер де өліеттенеді- бұлшықеттер, сүйектер, буындар.

Күйік дәрежесі:

Традиционное течение раневого процесса у ребенка 3-х лет
Ожог II-III ст. S=30(10) % п.т.



Күйік ауданын анықтау

- Күйік ауданы тоғыз ережесі және алақан ережесі арқылы анықталады. Ересек адам алақанының ауданы дене ауданының шамамен 1 % құрайды. Тоғыз ережесі бойынша дененің ірі бөліктері дене беті ауданының 9 немесе 18 % құрайды. Мысалы, бас және мойын беті, қолдың сырты 9 %-дан тұрады, аяқ сырты, дененің алдыңғы жағы -18 % -дан тұрады. Егер зақымданған жердің жалпы ауданы 10%-дан жоғары болса, күйік ауыр болып саналады.



- ▣ Буындардың айналасындағы күйіктер
- ▣ Дененің буындарға жақын бөліктері күйген жағдайда (саусақтардың арасы, қолтық), бұлардың арасына жазыла бастаған кезде екі беті бір-біріне жабысып тілініп қалмауы үшін вазелин жағылған дәке қабатшаларын салып қою керек. Сол сияқты, жарақат жазылып келе жатқан кезде саусақтарды, аяқ-қолды күніге бірнеше мәрте барынша созып, көріп отырған дұрыс Ауыртса да бұл процедура кейіннен еркін қозғалып, қимылдауға кедергі жасайтын қалың тыртықтың қалмауына әсерін тигізеді. Әбден жазылғанға шейін саусақтарды көп бүкпей ұстау керек.



- Сақтық шаралары
- Күйікке ұшырамаудың көптеген жағдайларын алдын-ала болдырмауға болады. бұл жағдайға балаларды ұрындырмаудың айрықша шараларын жасаңыз:
- * кішкентай балалардың оттың қасына жақындауына тиым салыңыз;
- * шам, сіреңкені бала көзінен таса аулақ жерде устаңыз.
- * отта тұрған кастрюль, қазанның ұстайтын құлақтарына бала қолы жетпейтіндей болсын.





Күйік емі

- Күйік жарасының емі біріншілік хирургиялық өңдеуден басталады. Үлкен көлемді күйіктерде оны наркозбен орындайды.
- I дәрежелі күйіктерде жараның өзін және оның шеттерін 70% этил спиртімен өңдейді, содан кейін балық майымен немесе 5% синтомицин эмульсиясымен таңып қояды.
- II, III а дәрежелі күйіктерде ЖБХӨ-дің алдында шеттерін спиртпен өңдеп алады. Кейбір дәрігерлер жараның бетін фурацилин немесе басқа да антисептиктермен жуып тазартуды ұсынады. Кішігірім және орташа көлемді көпіршіктерді жармайды, үлкендерін түбінен тесіп, ішіндегі сұйықтықтарды сыртқа шығарады немесе залалсыз құралмен кесіп алады.

Үсік

- Ұлпаны үсітіп алған кезде суық әсер етеді – буындардың ұзақ мерзімді спазмасы кейінгі тромбозбен ұлпадағы трофикалық бұзушылықтарға әкеледі. Үсу қоршаған ортаның температурасы 0°C -тан төмен болған кезде болуы мүмкін. Саусақтарды үсітіп алу ең жиі кездеседі, одан азырақ – құлақ, мұрын, бет, табан. Тез болғанда, ауа ылғалдығы көбірек болса, соншалықты температура төмен болады. Мас болған кезде үсік жиі кездеседі. Сондай-ақ ол ағзаның жалпы суық тиюіне әкеліп соғады. Алкоголь әсерінен және жылуды тез беруден тамырлардың кеңеюімен түсіндіріледі. Ауыр үсік және ағзаның салқындауы кезінде ағзада ентікпе, тахикардия, АҚ түсуі мүмкін.
- Үсіктің бастапқы кезеңінде үстіңгі қабаттағы үсіген жер ақшыл, салқын, сезімталсыз болып келеді. Науқас үсіген жерін сезе алмай қалады.

Жылытқан кезде қатты ауыра бастайды және көзге көрінерлік ұлпадағы зақымдар үсу деңгейіне байланысты көріне бастайды:


- I деңгей – тері көгеріп кетеді;
- II деңгей – мөлдір сұйықтықпен толытырылған тері көпіршіктері;
- III деңгей – көгерген тері, ісік пайда болады, көпіршік қанды сұйықтықпен толады, терінің өлуі пайда болады;
- IV деңгей – терінің өлуі және сүйекке дейінгі тереңдіктегі барлық ұлпа зақымданады, бір аптадан кейін – ылғалды немесе құрғақ қағыну.



Үсік деңгейі:



□ Қалтырап тоңу-бірінші дәрежелі созылмалы үсік болып табылады. Қоршаған ортаның температурасы 0°C -тан жоғары болса да, қайталанбалы суықтың әсерінен дамиды. Оған әкеліп соқтыратын факторлар: ылғалдылық, жел, қан айналымының бұзылыстары. Қалтырап тоңуға дененің ашық жерлері ұшырайды: бет, қолдың ұы. Зақымдалған аймақтың терісі көкшіл, кейде қызарған, сезімталдығы төмендеген, ісінген, қатайған, ұстағанда мұздай, жылтырады, ауырады. Ауру дерматит, дерматоз, сырылу, ойық түрінде дамуы мүмкін және консервативті емге көнбейді. Қалтырап тоңу көктемде және күзде қайталанады, әсіресе қыста жиілігі артады






Үсіктің емі

Ауруханада жедел кезеңде венаға және артерияға енгізіледі: реополигюкин 400-800мл; фибринолизин 20000-40000 бірлік; стрептодеказа, целиаза-750000 ХБ

Венаға дезинтоксикациялық плазма алмастырушы ертінділерді, белокты заттарды, қан мен плазманы енгізеді. Бұлшықетке бір тәулікте- гепарин 30000-40000 бірлік салынады. Ацетилсалицилл қышқылын 0,5-1,0 грамнан күніге 4рет ішкізеді. Антибактериальды ем жүргізіледі.

Артерияға: никотин қышқылы 1%-1-4мл, эуфилин 2,5%-5-12мл, папаверин 2%-2мл, новакаин ертіндісі 0,25%,-0,5%-10-40мл, гепарин 5000-10000 бірлік енгізіледі.

Үсіген жерге таңғыш қою




Электржарақат

- Электржарақат- электр тогының әсерінен пайда болатын патологиялық үрдіс. Бүкіл жарақаттардың 2,5%айды. Өлімнің деңгейі-20%. Электр жарақатты ерекше бір түрі- атмосфералық токтан, яғни найзағайдан болатын жарақат. Көбінесе адамдар найзағай кезінде электрлі жабдықтардың, жұмыс істеп тұрған телевизордың, радио қабылдағыштың қасында тұрғанда немесе телефонмен сөйлескенде жарақат алады. Жарақаттанғандардың терісінде найзағай белгілері анықталады, ол ағаштың бұтақтарындай жайылған, ашық- қызғылт және қызыл түсті жолақтар болып табылады. Бұл белгілер дене бөлігіне найзағай әсер еткен жержегі капиллярлардың кеңеюімен сипатталады. Электр тогы адам денесіне кіріп, басқа аймақтан шығады, оны тоқ шеңбері деп атайды.


▣ **Электрожарақаттың патогенезі:**

- ▣ Нерв жүйесі арқылы рефлекторлы әсер етуі, ол тыныс алу және қан айналым бұзылыстарына әкеліп соғады.
- ▣ Адам денесіне термиялық, электрохимиялық және электродинамикалық факторлардың тікелей әсер етуі
- ▣ Жарақаттанған адам жүрек қарыншаларының фибриляциясынан, тыныс алу орталығының салдануынан, шоктан және дауыс байламдарының салдануынан өліп кетуі мүмкін.



- Жарақаттың тереңдігіне байланысты электрокүйіктің 4 дәрежесін ажыратады:
- Эпидермистің зақымдалуы
- Эпидермис ажырап, көпіршіктердің түзілуі
- Терінің барлық қабаттарының коагуляциясы
- Тері мен терең орналасқан тіндердің зақымдалуы

Электрожақаттар





- Электр тоғын соққан кездегі көмек
- Ең алдымен, зиян кешкенді тоқ көзінен босатып алыңыз – зиян кешкеннен құрғақ ағаш (тұтқа, швабра, оқтау), резеңке кілемше немесе басқа да изолирлеуші материал көмегімен электр сымын итеріп жіберіңіз. Өз қауіпсіздігіңіздің шаралары туралы ойлаңыз!
- Егер жүрек қағысы сақталса ал тыныс алу болмаса - өкпенің жасанды вентиляциясын бастаңыз (ауыздан ауызға немесе ауыздан мұрынға). Жүрек қағысы болмаса - өкпенің жасанды вентиляциясымен үйлесе жүрекке тура емес массажды бастаңыз (2 дем беру 15 кеудені басу). Ережедегідей, кеуденің орта кезіне қатты басу және жүректің сыртқы массажын жасауды жалғастыра жүрек жұмысын жалғастыруға болады

Назарларыңызға рахмет

Назарларыңызға рахмет